

CONNECTING TO NETWORK AGRICULTURAL INSTITUTIONS AFTER PRIVATIZATION

Connecting to network agricultural institutions after privatization is presented in this paper.

Key words: land resources, normative and background information, agriculturally used areas.

ӘОЖ 502.4:338.484 (574.53)

Ештаев Б.Д., Кентбаев Е.Ж., Шыныбеков М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «САЙРАМ-ӨГЕМ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының бірі - «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі экотуризмді дамыту жолдары қарастырылып, туризм жұмыстарына талдау жасалған.

Кілт сөздер: мемлекеттік ұлттық табиғи бақ, экотуризм, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар, қорғалатын табиғи аймақтар, халықаралық табиғат қорғау одағы, айлық есептік көрсеткіш.

Кіріспе

Соңғы екі мың жылдықта экотуризм жақсы дамуда және болашақта оның одан әрі дамуы күтілуде. Бұл негізінен адамдардың табиғи ортасы жақсы дамыған, ауасы мен суы таза табиғи жерлерде демалуға ұмтылумен байланысты. Экотуризм соңғы жылдары бүкіл әлемде қолдау тапқан туризмнің жаңа бағыты. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы 2002 жылды Халықаралық экотуризм жылы деп жариялаған.

Қазақстанда экотуризмді дамытудың үлкен мүмкіндігі бар. Оған негізінен аймақтың геополитикалық жағдайы, яғни халықаралық туристік және саудалық ағындардың осы территория арқылы өтуі, саяси тұрақтылық, елдегі көптеген табиғи ландшафтының, архитектуралық, тарихи-мәдени рекреациялық ресурстардың алуан түрлігі себеп. Қазақстанда экотуризм дамуының негізі болып, көптеген елдердегі сияқты, ерекше табиғи жер бедері мен ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саналады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар (ЕҚТА) дегеніміз – белгілі бір аймаққа тән табиғи кешенді халық игілігіне жарату мақсатымен мемлекет тарапынан қорғалатын, ғылыми, тарихи, мәдени және эстетикалық мәні бар табиғат нысандары. «Табиғат – ел байлығы», «Жері байдың – елі бай» деп халқымыз қазақ бекер айтпаған. Табиғат адамның ежелден бергі тіршілік етіп келген және мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі. Туған жер табиғаты–халқымыздың ұлттық мақтанышы. Сондықтанда табиғатты қорғау халық парызы, әр адамның алдында тұрған міндеті [1].

Адам баласы XX-XXI ғасырлар аралығында негізгі қауіп-қатердің бірі-қоршаған ортаның ластанып, нашарлауына тап болды. Осыған байланысты экожүйені әлемдік, аймақтық және ұлттық дәрежеде қорғау жалпы мақсатқа жетудегі негізгі міндеті болып табылады. Әлемдегі ең ірі және беделді табиғат қорғау одағы (ХТҚО, ағылшынша қысқартылған атауы - IUCN) болып табылады, оған бірнеше мемлекеттер, сонымен қатар халықаралық және ұлттық үкіметтік емес бірлестіктер мүше болып кіреді. ХТҚО бүкіл әлемнен алты белгілі мақсатқа арналған бағытта жұмыс істейтін бірнеше мыңдаған

сарапшыларды біріктіреді. Олардың бірі-қорғалатын аймақтар жөніндегі Әлемдік комиссия (WCPA), табиғи экожүйені қорғауының теориялық және практикалық мәселелерімен айналысады, табиғи қор жағдайларына сараптау пен бағалау жүргізеді, тәуелсіз мемлекеттер үкіметіне қорғалатын табиғи аймақтар құруға ұсыныстар дайындайды [2].

ХТҚО онжылдықта бір рет қорғалатын аймақтардың Бүкіләлемдік конгресін өткізеді, онда табиғи экожүйелерді қорғаудағы қазіргі жағдай мәселелері қаралды және келешекке жоспар жасалады. 2003 жылы Дурбан қаласында (ЮАР) өткен бесінші Бүкіләлемдік конгресс комиссия жұмыстарын қорытындылай келе, биоәртүрлілікті қорғау және оның тұрақты дамуы үшін қорғалатын табиғи аймақтар (ҚТА) маңызын қайта бағалады. Оның ішінде, өткен онжылдықта табиғатты территориялық қорғау мәселесінде Биоәртүрлілік жөніндегі Конвенция пікірін іске асыруда негізгі топ болып танылды. Қорғалатын аймақтар Биоәртүрлілік жөніндегі Конвенция пікірін іске асыруда негізгі топ болып танылды. 1992 жылдан бері әлемдегі ҚТА-ның жалпы саны және олардың көлемі екі еседен көп ұлғайды. Қазіргі кезде, Антарктиданы қоспағанда, құрлық бетінің 12% -ынан көбі қорғалады, тек территорияның 10%-ына ғана қатаң қорғау тәртібі таралған. Әлемдік мұраның табиғи және табиғи-мәдени нысаналар саны 101-ден 172-ге өсті, әрі табиғи және мәдени қазыналарды қатар қорғау қажеттілігі одан да бетер ақиқат болып отыр [3].

Бұрын қорғалатын табиғи аймақтардың адам баласының басқа саладағы мүдделерімен байланысты толық емес еді. Сондықтан Дурбан конгресі келешектің негізгі бастамасы қорғалатын табиғи аймақтардың біртұтас жалпы жүйесін құру туралы қаулы қабылдады. Әлемдік үлгі талабы бойынша мемлекет территориясы көлемінің 10% - ынан көбі қорғалатын табиғи территория болу керек [4].

Зерттеу әдістемесі мен материалдар

Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан, қорғалатын табиғи аймақтардың әлемдік жүйесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Біздің мемлекетімізде ұлттық бақ құру тарихы 1922 жылдан басталады. Бұл жылы мәдени және көне табиғи ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті құрылған, ол алғаш рет сол аймақта ұлттық бақ құру қажеттілігі мәселесін көтерді. 1926 жылы Орта Азия мен Қазақстанда бірінші рет Ақсу-Жабағылы қорығы ұйымдастырылды. 5 жылдан кейін, яғни 1931 жылы, Наурызым мен Алматы қорықтары, 1936 жылы Бурабай қорығы, ал 1939 жылы Барсакелмес қорығы құрылды. Одан әрі ұлттық бақтармен бірге қорғалатын табиғи аймақтардың басқа да түрлері – геологиялық, зоологиялық және ботаникалық бақтар, табиғи ескерткіштер және т.б. ұйымдастырылды. 1985 жылы біздің елімізде алғаш рет Баянауыл мемлекеттік ұлттық бағы құрылды [5].

Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның қорықтары, бақтары, қорықшалары мен табиғи ескерткіштері құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан, үлкен мемлекеттің қорғалатын аймақтарының біртұтас жүйесінде болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан ауыр экономикалық жағдайды бастан өткізді, бұл жағдай қорғалатын табиғи аймақтарды зор шығынға ұшыратты. Қаржының жетіспеушілігі жұмысшы адамдар санын қысқартуға және табиғат қорғау жөніндегі көптеген жете зерттелген мәселелердің жабылуына әкелді. Жағдай тек соңғы 10-15 жыл шамасында ғана оңалып келеді. Қазіргі кезде Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеге одақтасуға және әлемдік бірлестіктің толық құқықты мүшесі болуға талпынып жатыр. Бұл мемлекеттік құрылыс пен қоғамдық өмірдің көптеген жақтарын өзгертуді талап етеді. Осындай талаптардың бірі ҚТА ұлттық жүйесінің дамуы болып табылады, оның көлемі мемлекеттің бар территориясының 10%-ынан жоғары, сонымен қатар қорғалатын табиғи территорияның жалпы жүйесіне енген. Осы жолда біздің мемлекетіміз айтарлықтай жетістіктерге жетті [6,7].

1997 жылдың 17 шілдесінде қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар жөніндегі» ҚР Заңы негізін құрайтын заң шығару базасы жете дайындалды. Заң табиғат қорғау мекемелерін құру және олардың жұмыстары жөніндегі мәселелерді реттейді. Қазіргі заң шығаруға сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аймақтар – бұлар мемлекеттік табиғи – ұлттық бақтық қорын қорғау және қалпына келтірумен қамтамасыз ететін қорғаудың

құқықты шаралар жүйесі немесе шаруашылық жұмыстардың реттелетін ережелері бар жер, су, орман және жер қойнауы байлықтары. Қорғаудың құқықтық шаралары төмендегідей бөлінеді: ұлттық бақтық, яғни қоршаған ортаның табиғи жағдайын бүлдіретін кез келген шаруашылық жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады; және ұлттық бақшалық, яғни мемлекеттік табиғи-ұлттық бақтық қор нысаналарын сақтауға қауіп төндірмейтін және олардың өсіп-дамуына зиян келтірмейтін шаруашылық және кез келген жұмыстарға тек белгілі маусым мен уақытта рұқсат беріледі [8,9].

Зерттеу нәтижелері

2013 жылы ұлттық парк аумағына 19121 адам келген, оның 4500-ден астамы табиғатты қорғау акцияларына қатысқандар болса, 14621 адам ерекше қорғалатын табиғи аумақты туристік және рекреациялық мақсатта пайдаланған демалушылар. Салық Кодексіне сәйкес ЕҚТА пайдаланғаны үшін олардан 0,1 АЕК мөлшерінде бюджетке және парк есепшотына көрсетілген қызмет көлеміне сай төлемдер алынды. Атап айтқанда бюджетке 0,1 АЕК бойынша 3778,5 мың теңге аударылған. Демалушыларға қызмет көрсетуден ақылы қызмет көрсету есеп-шотына 11005,6 мың теңге, оның ішінде жер пайдаланушылардан 2137,0 мың теңге түсірілген.

Кесте 1 - ЕҚТА пайдаланған адам саны, бюджетке және ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы көлемі

ТББ	Жалпы келген адам саны	Бюджетке түскен қаржы, теңге	Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы, теңге	
			Демалушылардан түскен қаржы, теңге	Оның ішінде жер пайдаланушылардан түскен қаржы, теңге
Төлеби	12294	3378288	6669508	2 137 000
Түлкібас	1863	322482	2006627	
Өгем	448	77740	428765	
Барлығы:	14605	3778510	11005600	

Ұлттық парк аумағына келген туристер мен демалушыларға қызмет көрсетуден түскен қаржы: демалыс орындары мен туристік соқпақтарды пайдаланғаны үшін-4890843 теңге, автотұрақтарды пайдаланғаны үшін-462500 теңге, киіз үйлерді пайдаланғаны үшін-180000 теңге, моншаны пайдаланғаны үшін-385000 теңге, қонақ үйлерді пайдаланғаны үшін-532500 теңге, палатка мен тапшанды пайдаланғаны үшін-207000, мініс аттарын пайдаланғаны үшін-158000 теңге, отынды пайдаланғаны үшін-143057 теңге, экскурсовод қызметінен-9000 теңге, жер пайдаланушылардан-2137000 теңге қаржы түсірілді.

Нәтижелерді талдау

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар әр уақытта қорғауды, сақтауды керек ететін табиғат кешені. Жер қойнауының байлықтары топырақ, су, ауа, өсімдіктің мен жануарлар дүниесі – қашан да жер бетіндегі тіршіліктің қайнар көзі. Алайда, табиғат қазынасы сарқылмас қор емес. Оның адам игілігі үшін ұзақ мерзім пайдалану, өсіп-өнуі, артып отыруы адамның қамқорлығын керек етеді.

Қазақстанда экотуризмді дамытудың үлкен мүмкіндігінің болуына қарамастан, оны дамытудың көптеген қиындықтары бар. Республикамызда экотуризмді дамытудың ең басты проблемасы қазіргі уақытқа дейін экотуризмді дамытуда мемлекеттік бағдарламаның жоқтығы және осыған байланысты мемлекет тарапынан туризмнің бұл түріне қолдау көрсетілмеуі. Бірақ, Қазақстанда экотуризм мүлде дамымаған деуге болмайды. Өйткені экотуризмді дамыту мақсатында көптеген ЕҚТТ өз аймақтарында экомаршруттар ұйымдастыруда және бұл саланы дамыту сұрақтары мен айналасатын арнайы мекемелер, мемлекеттік емес ұйымдар бар. Сондықтан Қазақстанда экотуризм танымал болып келеді деуге болады.

Экотуризм соңғы жылдары Қазақстанда дамып келе жатқан туризмнің жаңа түрі. Жалпы алғанда, Қазақстанда экотуризмді дамытудың үлкен болашағы бар. Өйткені Қазақстан Республикасы экотуризм объектілері болып табылатын ресурстарға бай болып келеді. Бұнда аса үлкен потенциалға ерекше қорғалатын табиғи аймақтар ие. Себебі олардың территориясында қазіргі уақытта экотуризм маршруттары кеңінен ұйымдастырылып келеді және де ол ең негізгі экологиялық туризм ресурсы болып отыр. Бір сөзбен айтқанда, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар экотуризм дамуының негізі. Экотуризмнің дамуы экономикаға табыс түсірудің көзі болып табылады. Өйткені, экотуризм-табиғи жағдайы ластанбаған ортада демалу ғана емес, ол сол жердің халқының жағдайын жақсарту да болып табылады.

«Сайрам-Өгем» МҰТБ талдау жасай отырып келесідей қорытындыға келдім. «Сайрам-Өгем» МҰТБ буферлік зоналарында экотуризмді дамытуға барлық мүмкіндіктер бар және олар осы аймақта экотуризмді дамытуда біршама жақсы қолдануда. «Сайрам-Өгем» МҰТБ экотуризмді дамыта бастағаннан бері жергілікті халықтың тұрмыстық деңгейі біршама көтеріле түсті. «Сайрам-Өгем» МҰТБ қорығы шетел азаматарының арасында, әсіресе американдықтар арасында үлкен қызығушылық тудырады.

«Сайрам-Өгем» МҰТБ экотуризмды одан әрі дамыту мен жетілдіру үшін келесідей шараларды қолдану керек: ең бастысы ұлттық бақта экотуризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау табу керек, заңдар мен нормативті-құқықтық актілер қабылдану керек; ұлттық бақ маңайындағы елді-мекендерде инфрокұрлымды дамыту керек; жергілікті халық арасында патриоттық сезімді оятып, табиғатты аялауға шақыру керек; ұлттық бақтағы қызмет көрсетуші кадрлардың санын көбейтіп, қызмет сапасын көтеру керек. Көптеген тренингтер мен семинарлар өткізу қажет; өңірде туристік инфрокұрлымды дамыту қажет; кафе және мейрамханаларды дамыту.

Осы айтылған шараларды жүзеге асыру арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Нәтижесінде «Сайрам-Өгем» бағында экотуризмді жақсы дамыған әлемдік сұранысқа ие болатын ұлттық бақ болады. Жалпы, Қазақстан Республикасындағы экотуризмді дамыту үшін барлық ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда әлемдік тәжірибені негізге ала отырып, экотуристік маршруттар ұйымдастыру керек.

Әдебиеттер

1. Бекенов А., Жұмаділов Ә., Қыдырбеков Х. «Қазақстан ұлттық бақтары». -Алматы: «Қайнар», 1980.
2. Назарчук М.К. «Перспективы развития экологического туризма в Казахстане».- Алматы: ТОО «Экопроект», 2001.-80 бет.
3. «Географический термин».-М.: Советская энциклопедия,1988. 57 бет.
4. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы.- Алматы, 2002. 4 том. 69-95бет.
5. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы.- Алматы, 2002. 6 том. 5-37бет.
6. Егеменді Қазақстан газеті. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заң.№152, 2003. 1-3 бет.
7. Қазақстан Республикасы Өкіметінің «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы»туралы қаулысы.06.03.2001.
8. Қазақстан Республикасының бірқатар заңды актілеріне жасалған толықтырулар мен өзгертулер.23.01.2001. -№151.
9. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейін Ерекше қорғалатын аймақтарды дамыту және бөлу туралы концепциясы.10.10.200. -№1692.

Ештаев Б.Д., Кентбаев Е.Ж., Шыныбеков М.К.

ПУТИ РАЗВИТИЯ ЭКОТУРИЗМА В «САЙРАМ-УГАМСКОМ» ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье рассмотрены пути развития экотуризма и выполнен анализ работ по туризму в одном из особо охраняемых природных территории Казахстана «Сайрам-Угамском» государственном национальном природном парке.

Ключевые слова: государственный национальный природный парк, особо охраняемые природные территории, охраняемые природные территории, международный союз охраны природы, месячный расчетный показатель.

Eshtaev B., Kentbaev E., Shynybekov M.

WAYS ECOTOURISM DEVELOPMENT IN SAYRAM-UGAM STATE NATIONAL PARK SOUTH KAZAKHSTAN REGION

The article discusses the development of eco-tourism and the analysis of works on tourism in one of the specially protected natural territories of Kazakhstan "Sairam-Ugam State National Park".

Key words: state national nature park, specially protected natural territories, protected natural territories, international union for conservation of nature, monthly calculation index.

ӘОЖ 628.3

Жайлаубаева М.М., Зубаиров О.З., Жанымхан Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ТӨГІНДІ СУЛАРДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Қалаларымыз көркейіп жаңарған сайын, ел тұрмысы жақсарып таза су пайдалану көбейеді. Пайдаланылған су әртүрлі қалдықтар, қоспалармен ластанып канализацияға түсіп қала сыртына шығарылады. Осы суларды төгінді сулар дейді. Ол сулардың көлемі жылдан жылға көбеюде. Тек еліміздің қалаларынан жылына 6 млрд.м³ осындай су пайда болады. Бұл сулардың құрамында әртүрлі орғано-минералды заттар, ауыр металдар, мұнай қалдығы және тағы басқалар көптеп кездеседі. Әртүрлі бактериялар болуы да мүмкін. Сондықтан да бұл суларды алдын-ала дайындамай шаруашылықта қолдануға болмайды. Әлемнің алғы елдерінде төгінді сулар механикалық және биологиялық тазартудан өткеннен кейін егістікті, тал ағаштарды суғаруға пайдалануда.

Кілт сөздер: төгінді су, топырақ қабаты, инъекциялық суғару, импульс.

Кіріспе

Қазақстанның қала маңайларында, тоғандарда, сай салада, сүзгіш алаңшаларда төгінді сулар көптеп жиналуда. Көлемі жыл сайын көбеюде. Жасыратын несі бар су сыймағандықтан оларды әлсін-әлсін өзенге құйып, оларды ластап отырады. Жаз кезінде су жоқ, су жоқ деп жар саламыз. Қала маңайындағы төгінді суларды неге есепке алмаймыз, тек оларды қауіпсіз жолмен пайдалану керек. Ол үшін біріншіден олардың химиялық құрамына мән беру керек. Ондағы катиондар қатынасына мән беру керек. Мысалы: Са:Mg=2:1,